

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі  
Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы

Министерство образования и науки Республики Казахстан  
Национальная академия образования им. И. Алтынсарина



**МУҒАЛІМДЕРГЕ АРНАЛҒАН 5-ШІ СЫНЫП БІЛІМ  
АЛУШЫЛАРЫНЫҢ ЖЕТІСТІКТЕРІНЕ ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУДЫ  
ЖҮРГІЗУ ТУРАЛЫ ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР**

**МЕТОДИЧЕСКИЕ РЕКОМЕНДАЦИИ ДЛЯ УЧИТЕЛЕЙ  
ПО ПРОВЕДЕНИЮ СУММАТИВНОГО ОЦЕНИВАНИЯ ДОСТИЖЕНИЙ  
ОБУЧАЮЩИХСЯ 5-Х КЛАССОВ**

**Әдістемелік құрал**

**Астана  
2017**

Білім алушылардың жетістіктеріне жиынтық бағалау жүргізу туралы 5-ші сынып мұғалімдеріне көмек ретінде әдістемелік ұсынымдар. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2017. – 85 б.

Методические рекомендации в помощь учителям 5-х классов по проведению суммативного оценивания достижения обучающихся – Астана: НАО имени И. Алтынсарина, 2017. – 85 с.

Әзірленген әдістемелік ұсынымдар 5-ші сынып оқу пәндерінен білім алушылардың жетістіктеріне жиынтық бағалау өткізу үшін мұғалімге қажетті материалдарды қамтиды. Берілген ұсынымдарда нормативтік құқықтық актілер, жиынтық бағалаудың механизмі мен процедуралары берілген.

Әдістемелік құралда 5-ші сыныптарда білім алушылардың оқу жетістіктерін жиынтық бағалауды ұйымдастыру үшін нақты ұсыныстар, кейбір пәндерден жиынтық бағалаудың тапсырмалары берілген.

Әдістемелік құрал негізгі орта мектеп мұғалімдеріне және әдіскерлеріне арналған.

Разработанные методические рекомендации представляют собой материалы, необходимые учителю для проведения суммативного оценивания достижения обучающихся по учебным предметам 5-го класса. В данных рекомендациях представлены нормативные правовые акты, механизмы и процедуры суммативного оценивания.

В пособии даны конкретные рекомендации по организации суммативного оценивания учебных достижений обучающихся в 5-х классах и разработки заданий суммативного оценивания по ряду учебных предметов.

Методическое пособие адресовано учителям основной средней школы и методистам.

Ы. Алтынсарин атындағы  
Ұлттық білім академиясы, 2017

©Национальная академия образования  
им. И. Алтынсарина, 2017

## 1. Критериалды бағалаудың теориялық негіздері

Алғаш рет «критериалды бағалау» терминін Роберт Юджин Глейзер (1963 ж.) пайдаланған. Бұл термин білім алушылардың оқу жетістіктері қол жеткізілген және потенциалды деңгейлерінің арасындағы сәйкестікті және әдеттегі мінез-құлық үлгілерін анықтауға мүмкіндік беретін процесті сипаттайды. Білім алушының әрекеті алдын ала анықталған критерийлер жиынтығы бойынша бағаланады.

Глейзердің айтуынша, критериалды бағалау басқа білім алушылардың жетістіктерімен салыстыруды немесе тәуелділікті болдырмайды, сондай-ақ әрбір білім алушының біліктілік деңгейі туралы ақпарат береді.

Осылайша, критериалды бағалау - алдын ала белгілі критерияларға, оқу мақсаттарына сәйкес күтулі нәтижелерге жету үшін білім алушыны жеке оқыту процесіне түзетулер енгізу мүмкіншілігін беретін оқу жетістіктерін бағалау.

Білім алушылардың оқу жетістіктерін критериалды бағалау жүйесі:

- оқыту мен бағалаудың біртұтастығына негізделеді;
- білім алушылардың ілгерілеушілігі мен үлгерімін қамтамасыз етуде біртұтас тәсілді қалыптастыруға бағытталады;

- оқу бағдарламаларына сәйкес дағдыларды дамыту және білім алуға дәлелдемелер жинақтау мен оқыту мақсаттарын жүзеге асыруды қамтамасыз етеді;

- әрбір сынып үшін пән бойынша оқу бағдарламасының мазмұны негізінде бағалау түрлері мен әдіс-тәсілдерінің алуан түрлерін қамтиды.

Критериалды бағалау жүйесі оқыту, оқу мен бағалаудың өзара байланысына негізделгенін есте сақтау маңызды. Критериалды бағалаудың нәтижелері білім беру процесін тиімді жоспарлау мен ұйымдастыру үшін пайдаланылады.

Критериалды бағалау білім алушылардың дағдыларының даму дәрежесін бағалауға мүмкіндік береді.

Критериалды бағалау технологиясын пайдалану қандай да бір практикалық дағдының қалыптастырылғанын, оқу материалының қаншалықты табысты меңгерілгенін анықтауға мүмкіндік беретін анық айқындалған, алдын ала белгілі критерийлермен білім алушылардың жетістіктерін салыстыру. Осыған сәйкес, әрбір білім алушының жалпы дайындық деңгейінің өзгерістері сияқты, оның алдыңғы жетістіктерімен салыстырғандағы табыстарының динамикасын да тіркеуге мүмкіндік бар.

Мұғалімге критериалды бағалауды оқу процесін неғұрлым тиімді ұйымдастыру, білім алушыларға уақытылы қолдау көрсету және олардың оқудағы жетістіктерін қамтамасыз ету, мүдделі тараптарға оқытудың нәтижелері туралы ақпарат ұсыну үшін қолдану ұсынылады. Бағалаудың мұндай жүйесі біріншіден, балаларды табысты оқуға ынталандыруға, біліміндегі олқылықтарды анықтауға және олардың өсуін көрнекті түрде көрсетуге бағытталған.

## 2. Нормативтік- құқықтық база

Жаңартылған білім мазмұнын іске асыратын және критериалды бағалау жүйесін енгізетін сыныптарда білім беру процесі келесі нормативтік-құқықтық құжаттардың негізінде жүзеге асырылады:

✓ Қазақстан Республикасының «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III (22.12.2016 ж. енгізілген өзгерістермен және толықтырулармен) Заңы;

✓ "Білім берудің тиісті деңгейлерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 15 тамыздағы № 484 қаулысы.

✓ Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылы 15 тамызда шыққан № 484 қаулысында «Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылы 23 тамызда шыққан № 1080 «Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының тиісті білім беру деңгейлерін қаулысында»

✓ «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекітуі туралы» Қазақстан Республикасындағы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 7 шілдедегі № 432 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы 2017 жылғы 18 тамыздағы № 422 бұйрығы;

✓ «Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 6 маусымдағы № 265 бұйрығы;

✓ «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрі міндетін атқарушының 2007 жылғы 23 қазандағы «Білім беру ұйымдары білім беру қызметінде пайдаланатын қатаң есептіліктегі құжаттардың нысанын бекіту туралы» № 502 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 29 тамыздағы № 531 бұйрығы;

✓ «2017-2018 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беретін ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хат;

Барлық әзірленген нормативтік құжаттар жаңа білім беру стандартын жүзеге асырудың негізі болып табылады. Сонымен қатар, бастауыш сынып мұғалімі жаңартылған оқу бағдарламаларын іске асыру аясында ұсынылған оқу процесін, қалыптастырушы және жиынтық бағалауды өткізуді ұйымдастыру бойынша әдістемелік құралдар мен ұсынымдамаларға назар аударғаны жөн. Олардың электрондық нұсқалары Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының ([www.nao.kz](http://www.nao.kz)), «Назарбаев Зияткерлік мектептері» Дербес білім беру ұйымының ([smk.edu.kz](http://smk.edu.kz)) сайттарында орналастырылған.

Бағалаудың критериалды жүйесін құрастырудың негізіне білім алушылардың жетістіктерін сипаттаудың деңгейлі жүйе тәсілдемесі салынған, ол оқыту нәтижелерін ойлау іс-әрекетінің деңгейіне байланысты топтастыруға мүмкіндік береді.

Таксономия (грек тілінен *taxis* –орналастыру, тәртіп, реті және *nomos* – заң) – ақиқаттың күрделі ұйымдастырылған аймақтарын, әдетте сатылы құрылымды болып келетін (органикалық әлем, география, геология, тіл білімі, этнография объектілері) саралау және жүйелеу теориясы,

«Таксономия» ұғымын өсімдіктер классификациясын құрастырған швейцария ботанигі О.Декандоль ұсынған.

Білім беру технологиялар шеңберінде 1956 жылы алғашқы педагогикалық мақсаттар таксономиясы – Блум таксономиясы жасалды.

Блум таксономиясы – американдық психолог Бенджиамин Блум ұсынған (1913-1999), таным аясындағы педагогикалық мақсаттар таксономиясы.

Блум таксономиясы - әрбір білім алушының даму траекториясын педагогикалық қадағалау және оқығандық деңгейін қалыптастыру құралы.

Б.Блумның оқу мақсаттарының таксономиясының 6 деңгейі бар:

1. білу
2. түсіну
3. қолдану
4. талдау
5. жинақтау
6. бағалау

Блумға сәйкес, білім алушылардың белгілі деңгейге жеткенін айғақтайтын нақты әрекеттерін келесі түрде сипаттауға болады:

1.*Білу* – зерделенген оқу материалын нақты фактілерден бастап тұтас теорияға дейін есте сақтауды және жаңғыртуы білдіреді. Осылай, білім алушылар терминдерді, нақты фактілерді, әдістерді және процедураларды, негізгі түсініктерді және принциптерді жаңғыртады.

2.*Түсіну* – көрсеткіші болып материалдың бір түрінен - екінші түріне өзгертілуі, материалдарға түсінік беру, құбылыстардың, оқиғалардың алдағы бағытын болжауы болып есептеледі.

3.*Қолдану* – оқылған материалды нақты жағдайларда және жаңа жәйттерде қолдану; заңдарды, теорияларды нақты тәжірибелік жағдайларда қолдану іскерліктерді білдіреді.

4.*Талдау* – материалды құрастырылған бөлшектерге бөлгенде, оның жалпы құрылымын, тұтастан бөлшектен алууды, олардың өз-ара байланысын табу, тұтасты құрастыру принциптерін анықтау және деректердің маңызын білгенді көрсетеді.

5. *Жинақтау* – жаңалығы бар тұтас дүние алу үшін, элементтерді қиыстыру біліктілігін көрсетеді.

6. *Бағалау* – сол және өзге де материалдың маңыздылығын бағалау біліктілігін көрсетеді.

Мысалы, жазба мәтінді құрастыру логикасын, қорытындының берілген деректерге сәйкестігін, сол және өзге де әрекеттің маңыздылығын бағалайды.

Блумның бөліп көрсеткен ойлау дағдыларының деңгейіне сәйкес 1-кестеде, қалыптастырушы бағалауда, сондай-ақ жинақтық бағалауда бағаланатын дағдылардың даму деңгейі немесе қалыптасуы деңгейі көрсетілген.

Ол кестеде ойлау дағдыларының барлық деңгейлерін дамыту бойынша күтілетін нәтижелерді анықтау үшін қолданылатын етістіктер берілген.

1-кесте – Блум бойынша ойлау дағдылары деңгейінің таксономиясы

№р/с	Ойлау дағдыларының деңгейі	Ойлау дағдылары деңгейіне сәйкес келетін етістіктердің тізбесі	Деңгейлерге сәйкес жаттығуларды құрастыруға қажетті етістіктер
1	Білу	Атап өту, есте сақтау, атау, көрсету, аяқтау, қайталау, елестету, әңгімелеу, еске түсіру және т.б.	Хабарлама жасаңдар Атап өтіңдер Сипаттаңдар Жаңадан өндіріңдер Анықтаңдар, бұл не, әлдеқайда, және т.б. Тұжырымдаңдар Біліңдер Есте сақтаңдар Әңгімелеп беріңдер Фактілерді баяндаңдар Қайталаңдар Анықтаңдар және т.б.
2	Түсіну	Талқылау, анықтау, әңгімелеу, сұрау, түсіндіру, тұжырымдау, түрлендіру, көрсету және т.б.	Өзгертіңдер Айналдырыңдар Жаңадан тұжырымдаңдар Өзгертіп айтыңдар Сипаттаңдар Түсіндіріңдер Жалпы шолу жасаңдар Рецензия жасаңдар Әңгімелеп беріңдер Жинақтап қорытыңдар Жалпы санын шығарыңдар Біріктіріп байланыстырыңдар Жаңаша түсіндіріп беріңдер Өз сөздеріңмен түсінік беріңдер Тұжырымдама, қорытынды шығарыңдар Негізгі идеяны тұжырымдаңдар және т.б.
3	Қолдану	Қолдану, есептеу, өзгерту, таңдау, жіктеу, аяқтау, көрсету, табу, сахналау, қатыстыру, зерттеу, эксперимент өткізу, суреттермен суреттеу, түсіндіру, сүйену, жаттықтыру, ара қатынасын белгілеу, жоспарлау, көрсету, нобай жасау, шығару,	Қолданыңдар Тәжірибе жүзінде қолданыңдар Пайдаға асырыңдар Қолданыңдар Ұйғарыңдар Дәлелдендер Демонстрация көрсетіңдер Суреттеп сипаттаңдар

		пайдалану және т.б.	Көрсетіндер Есеп беріндер және т.б.
4	Талдау	Талдау, топтастыру, есептеу, санаттау, жіктеу, салыстыру, байланыстыру, қарама-қарсы қою, талқылау, саралау, ажырату, бөлу, зерттеу, эксперимент жасау, түсіндіру, қорытынды шығару, реттеу, күдіктену, ара қатынасын белгілеу, таңдау, бөлу, тексеру және т.б.	Талдап беріндер Бөлшектерге бөліндер Сын көзбен қараңдар Іздеп табыңдар Тауып алыңдар Анықтаңдар Ажыратыңдар Тексеріңдер Салыстырыңдар Шолып қараңдар Қадағалап қараңдар Зерттеу жүргізіңдер Қарап шығыңдар Зерделеңдер Бөліп алыңдар Бөліктерге бөліндер Категорияларға бөліп беріндер Классификацияландар және т.б.
5	Жинақтау	Топтастыру, жинау, араластыру, құрастыру, жасау, әзірлеу, тұжырымдау, жинақтау, біріктіру, ойластыру, түрлендіру, ұйымдастыру, жоспарлау, дайындау, ұсыну, қайта топтастыру, көшіру, белгілеу, алмастыру, қайта анықтау және т.б.	Жаратыңдар Ойлап табыңдар Ойлап шығарыңдар Құрастырыңдар Алдын ала айтыңдар Ұйымдастырыңдар Жоспарлаңдар Нысанаға келтіріңдер Түрлендіріңдер Өзгертіндер Елестетіндер Болжамдаңдар Не болады, егерде ... Жақсартыңдар Теория құрыңдар Ұсыныс жасаңдар
6	Бағалау	Дәлелдеу, таңдау, салыстыру, қорытынды жасау, сендіру, дәлел келтіру, шығару, негіздеу, түсіндіру, өлшеу, болжау, ұсыну, белгілеу, жинақтау, қолдау, тексеру, бағалау, кеңес беру, эксперименттеу, рецензиялау, зерттеу, шығару	Пікірге келіндер Қорытындыға келіндер Іріктеп алыңдар Таңдап алыңдар Шешім қабылдаңдар Бағалаңдар Сыни талдаңдар Негіздеңдер Түсіндіріңдер Талқылаңдар Тексеріңдер Тексеріп отырыңдар Дәйектендер Ұсыныс жасаңдар

			Анықтаңдар
--	--	--	------------

### 3. Жиынтық бағалауды жүргізу

1. Білім алушылардың оқу жетістіктерін объективті және нанымды бағалау жүйесі білім берудің ажырамас бөлігі болып табылады.

Бағалау жүйесі, білім беру сапасын анықтайтын оқыту жетістіктерінің өлшемі және проблемаларының диагностика болып табылады.

2017-2018 оқу жылынан бастап еліміздегі 5-ші сыныптар білім берудің жаңартылған мазмұнына және бағалаудың жаңа жүйесіне ауысады.

Бағалаудың жаңа жүйесі, білім алушылардың оқу жетістіктерін алдын-ала белгілі критерийлерге сәйкес бағалауға және білім алушылардың нақты қол жеткізген нәтижелерінің оқытудың жоспарланған мақсаттарына сәйкес деңгейін анықтауға мүмкіндік береді.

Бұл жерде, білім алушының жеке басы емес, тек қана жұмысы бағаланады; білім алушының жетістіктері басқа оқушылардың жетістіктерімен емес, білім алушыларға алдын-ала белгілі эталонмен (өте жақсы орындалған жұмыс үлгісімен) салыстырылады.

Оқу жетістіктерін критериалды бағалау жүйесін енгізу білім алушылардың оқу жетістіктерін объективті бағалау және әрбір оқушының жеке оқу траекториясын анықтау үшін керек.

Критериалды бағалау, білім алушылардың оқу жетістіктерін, процеске қатысушылардың бәріне алдын-ала белгілі білім мазмұнына және мақсаттарына сәйкес нақты анықталған, ұжымдық өндірілген критерийлермен салыстыруға негізделген.

Білім алушылардың оқу жетістіктерін критериалды бағалау жүйесі оқу пәнінің мақсаттары мен міндеттеріне, пән бойынша оқу бағдарламасын оқытудағы күтілімді нәтижелерге сәйкес құрастырылады.

Оқытудың үлгерімі және оқу жылы барысында білім алушылардың оқудағы алға басуы туралы мәліметтер жинау үшін екі түрлі бағалау іске асырылады: қалыптастырушы бағалау (ҚБ) және жиынтық бағалау (ЖБ).

Қалыптастырушы бағалау және жиынтық бағалау мектепшілік бағалауды құрады.

Сонымен бірге, білім алушының жеке басы емес, тек қана жұмысы бағаланады; білім алушының жетістіктері басқа оқушылардың жетістіктерімен емес, білім алушыларға алдын-ала белгілі эталонмен (өте жақсы орындалған жұмыс үлгісімен) салыстырылады.

Критериалды бағалау жүйесі 5-ші сыныптарда тарауда, тоқсанда және оқу жылында қалыптастырушы және жиынтық бағалауды қамтиды.

Жиынтық бағалау білім алушылардың білім игерудің деңгейі мен қалыптасқан дағдыларды анықтау үшін тарау, тоқсан аяқталғанда және тарау, оқу тоқсаны соңында қолданылады.



Жиынтық бағалау бірнеше қызмет атқарады:

- білім алушылардың мемлекет бекіткен стандарттағы біршама жетістіктерін және жеке оқушының, мектеп сыныптарының үлгерімін, олардың дайындық деңгейін және мұғалімнің жұмысының сапасын белгілейді;
- білім беру процесіне қатысушылардың барлығының арасындағы мазмұнды байланысты көруге, нақты сыныпта, нақты білім алушы үшін білім беру процесінде бәрі дұрыс-бұрыс екенін көруге мүмкіндік береді (ақпаратты-диагностикалық).

2.Бағалаудың жаңа жүйесін енгізу нәтижесінде оқушының үрейлігі төмендейді, мұғалім білім алушының кеңесшісі, көмекшісі болады.

Білім беру мазмұнын жаңарту аясында енгізіліп отырған жетістіктерді бағалаудың жаңа жүйесі, білім алушылардың оқу жетістіктерін объективті бағалауға, әрбір білім алушының жеке ерекшеліктерін ескере отырып, оның жеке басының даму траекториясын анықтауға мүмкіндік береді, сонымен бірге білім алушының іскерліктер мен дағдыларды дамытуына ынтасын, оқыту мен оқудың сапасын көтереді.

Бағалаудың жаңа жүйесінің артықшылығы болып, білім алушының жұмысы оған алдын-ала белгілі бағалау критерийлері бойынша тексерілуі және олардың нақты оқығаны үшін қойылуы болып табылады, себебі бағалау критерийлері нақты оқу мақсаттарын көрсетеді.

Мысалы, 5-ші сыныпта «Жаратылыстану» пәні бойынша бірінші тоқсанда оқытудың 2 мақсаты бөліп көрсетілген:

Біріншісі бойынша, мұғалім отбасындағы адамдардың өзара қарым-қатынас сипатын түсінуін бағалайды, соның ішінде этикалық сезімдердің дамуы, ізгі ниеттілік және эмоциялық-адамгершілік елгезектік, басқалардың сезімдеріне түсінушілік және уайымдау тұрғысынан.

Екінші мысалда, мұғалім бағалау кезінде топтық жұмысты, білім алушылардың қадағалауларын, суреттерін, скетчтерін, жұмыс дәптерлерін қолдана алады.

Критериалды бағалау жүйесі мұғалімге өздігінен сапалы нәтижелер алуға жағдай жасайтын критерийлерді құрастыруға және әрбір оқушының жеке ерекшеліктері мен қабілеттерін ескере отырып, жеке басының траекториясын тұрғызуға, және де бағалаудың әртүрлі құралдары мен тәсілдемесін қолдануға мүмкіндік береді.

Білім алушылар бағалаудың жаңа жүйе аясында ойлау іс-әрекетінің әртүрлі типін және қабілеттерін, түсінігін көрсетуде, оқудағы өзінің нәтижелерін жобалауда, өзін және құрбыластарын рефлексиялауға қатысуда, және де алған білімін нақты міндеттерді шешу үшін қолдана алады.

Ата-аналар туралы айтатын болсақ, бағалаудың жаңа жүйесінің артықшылықтарын, тағы да бөліп көрсете аламыз, ата-аналар өз баласының оқығандық деңгейінің объективті дәлелін көреді, бала оқуындағы прогресті қадағалай алады және оқу барысында баласына қолғабыс көрсете алады.

Ең маңыздысы, бағалаудың жаңа жүйесімен балаға сыныпта және мектепте жайлы болатынына сенімді боламыз.

Білім алушылардың оқу бағдарламаларының мақсаттарына жетуі білім алушылардың дағдыларын қалыптастырады. Дағдыларды нақты бағалау критериялды бағалаудың негізгі аспектісі.

Төменгі кестеде оқу бағдарламасына енгізілген дағдылар берілген, және олардың дамығаны мен қалыптасқан дәрежесін қалыптастырушы және ішкі жиынтық бағалау қажет.

2 Кесте Білім алушылардың ойлау іс-әрекеттері дағдыларының қалыптасуын бағалау

Білу	Нақты фактілерді , ақпаратты және оның сипаттамасын біледі және айтып береді.
Түсіну	Түсінігін дұрыс көрсету арқылы жаңғыртады, ақпаратқа болжам немесе деректі түсінік береді.
Қолдану	Бұрында алған білімі мен ақпаратты жаңа немесе бейтаныс мәнмәтінде немесе жағдайларда қолданады.
Сыни ойлау	Ақпараттың немесе идеялардың маңыздылығы мен анықтығы туралы пайымдау немесе әртүрлі көзқарас жолымен қарастыруы қалыптасқан.
Талдау	Ақпараттық материалдарды құрастырушы бөліктерге бөлу қабілеті, себебін немесе дәлелін анықтау арқылы ақпаратты әртүрлі қорытындылар алу үшін зерделеу, ой қорытындысын және/немесе жалпы ережелерді дәйектеу үшін дәлелдемелердің шешуін таба біледі.
Жинақтау	Бұрында алған білімдердің әртүрлі бөліктерін жаңа мәнмәтінде қайта жаңғырту қабілеттерін көрсетеді.
Бағалау	Идеялар мен фактілердің маңыздылығы туралы белгілі бір критерийларға қарап пайымдауы қалыптасқан.
Коммуникациялар	Өз қызығушылығы мен көзқарасын негіздеу арқылы, адамдармен өзара әрекеттестік пен өзара келісу, басқа адамдардың көзқарасы мен қызығушылығын қабылдай алу қабілеттері.
Тыңдалым арқылы коммуникациялар	Оқу бағдарламасы аясында әртүрлі тақырыпқа айтылған ауызша пікірлердің мазмұнын түсінуі және ондағы кілтті

	ақпаратты бөліп көрсетуі; сөйлеушінің пікірін танып білуі; сөз мағынасының мәнмәтінін анықтауы; оқушының деңгейіне сәйкес, әртүрлі стратегия қолдану арқылы әртүрлі тұрпаттағы мәтін мазмұнын түсінуі, қабылдауы;
--	---

Тілдік пәндер бойынша сөйлеу әрекетінің 4 түрі бағалануы тиіс екенін есте сақтау қажет: тыңдалым, айтылым, жазылым және оқылым. 3 –ші кестеде оқыту процесінде білім алушылардың жетуі тиіс тілдік дағдылар сипатталған.

### 3 – кесте Сөйлеу әрекетінің түрлері

Дағдылар	Сипаттама
Тыңдалым арқылы коммуникация (тыңдалым)	Оқу бағдарламасы аясындағы түрлі тақырыптарға қатысты айтылған ауызша пікірлердің негізгі мазмұнын түсіну және олардан негізгі ақпаратты бөліп алу; сөйлеушінің пікірін түсіну; мәнмәтін бойынша сөздердің мағынасын анықтау; түрлі стратегияларды қолдану арқылы білім алушылардың деңгейіне сәйкес келетін әртүрлі мәтіндердің мазмұнын қабылдау және түсіну: тыңдалған мәтіннің негізгі мазмұнын түсіну, таныс сөздерге, фразаларға және сөйлемдерге сүйенумен қажетті/нақты ақпаратты, мәтіннің бөліктерін таңдау және түсіну.
Жазылым	Оқу бағдарламасы аясындағы түрлі тақырыптарға байланысты жазбаша жұмыстарды жоспарлау, жазу, редакциялау және түзету; нақты және ойдан шығарылған оқиғалар туралы жаза білу, оқылғаны туралы сыни пікірлер беру білігі; орфографиялық және грамматикалық қателер жібермей барынша сауатты жазу; белгілі стильді ұстану; түрлі байланыстырушы сөздерді қолдану арқылы параграфтағы сөйлемдерді байланыстыру.
Оқылым арқылы коммуникация	Оқу бағдарламасы аясындағы түрлі тақырыптардағы әдеби және ғылыми мәтіндердің негізгі мазмұнын түсіну және олардан негізгі ақпаратты белгілеу, ақпаратты іздеудің түрлі стратегияларын қолдану; мәнмәтін бойынша сөздердің мағынасын анықтау; автордың қарым-қатынасын және пікірін түсіну; сөздердің мәнін тексеру және оқығанды терең түсіну үшін қағаз және электронды тасымалдағыштардағы түрлі дереккөздерді қолдану.
Айтылым	Оқу бағдарламасы аясындағы түрлі тақырыптардағы сұхбаттасу барысында ресми және ауызша сөйлесу

	стильдерін қолдану; қажетті ақпаратты алу үшін неғұрлым күрделі сұрақтар қоя білу білігі; өз пікірін айту; күтпеген түсінікке жауап беру; тапсырманы орындау барысында құрдастарымен қарым-қатынас жасау; арнайы лексиканы сауатты пайдалану; хикаялар мен оқиғаларды мазмұндау.
--	--

Білім алушылардың жетістіктерін бағалауда маңыздысы, жиынтық бағалауды жүргізгенде мұғалімдер мен білім алушылардың бағалау критерийлерін біркелкі түсінуі.

Осы жағдайда білім алушыларды бағалау критерийлерімен жиынтық бағалауды өткізер алдында таныстыру керек және туындаған сұрақтарды талқылау керек.

Жиынтық бағалау мұғалімдерге, білім алушылар мен ата-аналарға ұсыну үшін оқу бағдарламасындағы бөлім/ортақ тақырыптар бойынша балл, баға қою арқылы белгілі бір оқу кезеңі (тоқсан, оқу жылы, орта білім беру деңгейі) аяқталғанда өткізіледі. Тиянақтау процесінде білім алушының оқу бағдарламасына сәйкес біліктілігі мен дағдыларын көрсететін дәлелдерді жинақтау жүзеге асырылады.

Әдістемелік әзірлемеді білім алушылардың тарауды/тоқсанды және оқу жылын аяқтағанда игерілген білімі мен қалыптасқан дағдыларының интегралды деңгейін анықтау үшін жиынтық бағалауды қолдану бойынша ұсыныстар берілген.

Білім алушылардың дайындық деңгейі әрбір білім беру аясының ерекшелігін ескере отырып нұсқаланған, оқытудың күтілімді нәтижелері арқылы анықталады. Мұғалімге оқу жылы және тоқсан бойынша жиынтық жұмыстардың саны берілген (4- кесте) және де 5-ші сыныптарға арналған оқу пәндері бойынша жиынтық бағалаудың ең жоғары балл саны берілген (5-кесте) кестелері ұсынылады.

4 кесте 5-ші сыныптардағы (орыс тілінде оқитын) пәндер бойынша әрбір тоқсандғы жинақтық бағалау жұмыстарының саны

Пәндер/тоқсандар	1 тоқсан	2 тоқсан	3 тоқсан	4 тоқсан	барл ығы
Русский язык	2	2	2	2	8
Русская литература	1	1	1	1	4
Казахский язык и литература	3	3	4	3	13
Английский язык	2	2	2	2	8
Математика	3	1	3	4	11
Информатика	2	1	2	1	6

Естествознание	2	1	2	2	7
История Казахстана	1	2	2	3	8
Всемирная история	3	2	3	2	10

5-ші сыныптардағы (қазақ тілінде оқитын) пәндер бойынша әрбір тоқсанды жинақтық бағалау жұмыстарының саны

Пәндер/тоқсандар	1тоқсан	2 тоқсан	3тоқсан	4тоқсан	барлығы
Қазақ тілі	3	2	3	2	10
Қазақ әдебиеті	3	3	3	3	12
Орыс тілі мен әдебиеті	2	2	2	1	7
Ағылшын тілі	2	2	2	2	8
Математика	3	1	3	4	11
Информатика	2	1	2	1	6
Дүние тану	2	1	2	2	7
Қазақстан тарихы	1	2	2	3	8
Дүние жүзі тарихы	3	2	3	2	10

5 – кесте 5-ші сыныптарда (орыс тілінде оқитын) тараулар бойынша жинақтаушы бағалаудың балдар саны

Пәндер	1 тоқсан				2 тоқсан				3 тоқсан				4 тоқсан			
	С	С	С	С	С	С	С	С	С	С	С	С	С	С	С	С
	О	О	О	О	О	О	О	О	О	О	О	О	О	О	О	О
	Р1	Р2	Р3	Р4	Р1	Р2	Р3	Р4	Р1	Р2	Р3	Р4	Р1	Р2	Р3	Р4
Русский язык	10	5	9	10	10	12	2	10	10	5	9	10	10	14	10	
Русская литература	5	7	10		5	7	10		5	7	10		5	7	10	

тура																
Каз.яз ык и литера тура	5	10	10	10	5	10	10	10	5	10	10	10	5	10	10	10
Англи йский язык	6	6	6	6	6	6	6	6	6	6	6	6	6	6	6	6
Матем атика	8	9	3		20				5	9	6		5	5	9	1
Инфор матика	10	10			20				10	10			20			
Естест вознан ие	7	13			20				10	10			16	4		
Истори я Казахс тана	20				15	5			6	14			6	3	11	
Всеми рная истори я	8	4	8		6	14			6	8	6		15	5		

5-ші сыныптарда (қазақ тілінде оқитын) тараулар бойынша жинақтаушы бағалаудың балдар саны

Пәндер	1 тоқсан				2 тоқсан				3 тоқсан				4 тоқсан				
	ТЖ Б1	Т Ж Б2	Т Ж Б3	Т Ж Б4	Т Ж Б1	Т Ж Б2	Т Ж Б3	Т Ж Б4	Т Ж Б1	Т Ж Б2	Т Ж Б3	Т Ж Б4	Т Ж Б1	ТЖ Б2	Т Ж Б3	Т Ж Б4	
Қазақ тілі	10	10	10		10	10	10		10	10	10		10	10	10		
Қазақ әдебиеті	5	10	5		5	10	5		5	10	5		5	10	5		
Орыс тілі	5	10	10	10	5	10	10	10	5	10	10	10	1	5	10	10	10

және әдебиеті																
Ағылшын тілі	6	6	6	6	6	6	6	6	6	6	6	6	6	6	6	6
Математика	8	9	3		20				5	9	6		5	5	9	1
Информатика	10	10			20				10	10			20			
Дүниетану	7	13			20				10	10			16	4		
Қазақстан тарихы	20				12	8			12	8			6	2	12	
Дүниежүзі тарихы	8	4	8		9	11			8	8	6		15	5		

Жиынтық бағалау тарау/ ортақ тақырып бойынша тоқсанда және оқу жылында жиынтық бағалаудың процедураларын қамтиды.

Бағалау тәсілдемесі пәннің мазмұнына және критериалды бағалаудың түріне байланысты айрықшалануы мүмкін.

Тарау/ ортақ тақырыптардың және тоқсанның жиынтық тапсырмалары білім алушылардың тек қана өткен оқу бағдарламаларынан болуы керек.

Жиынтық бағалау бойынша жұмыстарды орындау барлық білім алушылар үшін міндетті.

Тарау/ ортақ тақырыптар және тоқсан бойынша қайтадан жиынтық бағалауды өткізуге рұқсат етілмейді.

Тоқсан бойынша жиынтық бағалаудың тапсырмалары тоқсандық жиынтық бағалаудың сипаттамасы негізінде құрастырылады.

Сипаттамалар тоқсандық жиынтық бағалаудың құрылымы мен мазмұнына және оны барлық орта білім беретін ұйымдарда өткізуге тиісті бірыңғай талаптар болып табылады.

Сипаттамаларға кіреді: мақсат, тоқсан бойынша жиынтық бағалауға шолу, өткізу жөнінде нұсқаулар, тоқсан бойынша жиынтық бағалаудың тапсырмалар үлгісі, тапсырмаларға қойылатын балл схемасы.

Жиынтық бағалаудың тапсырмаларын мұғалім өзі дербес құрастырады немесе ДБҰ «Назарбаев Зияткерлік мектептері» құрастырған жиынтық бағалау бойынша Әдістемелік ұсыныстардағы тапсырмаларды қолдануға болады. Мұғалімнің жиынтық тапсырмалардың бірнеше нұсқаларын қолдануына болады.

Жиынтық бағалау тілдік пәндер бойынша сөйлеу әрекетінің 4 түрі бойынша өткізіледі (тыңдалым, айтылым, жазылым және оқылым). Тыңдалым

мен айтылымды бағалау апта бойы жиынтық бағалау жоспарланған сабақтарда жүргізіледі.

Білім берудің барлық деңгейіндегі мұғалімдер үшін құрастырылған жиынтық бағалау бойынша Әдістемелік нұсқаулар (НЗМ және БІ.Алтынсарин атындағы ҰБА сайтында орналастырған) тарау/ ортақ тақырыптар және тоқсан бойынша жиынтық бағалауды ұйымдастырудың және өткізудің тәсілдемелерін қамтып көрсетеді.

Құжатта келесі ақпараттар бар:

- тарау/ ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалауға тапсырмалар құрастыру үшін ұсыныстар;
- тарау/ ортақ тақырыптар бойынша дескрипторлармен, балдармен бірге жиынтық бағалаудың тапсырмалар үлгілері;
- тоқсан бойынша тапсырмалар құрастыру және процедуралар өткізу үшін жиынтық бағалаудың сипаттамалары;
- тоқсан бойынша жиынтық бағалау үшін қойылатын балл схемаларымен бірге тапсырмалар үлгілері;

Тоқсандық жиынтық бағалау бойынша білім алушылардың оқу нәтижелерін бағалаудың анықтығы мен дәлдігін қамтамасыз ету үшін мұғалімдер модерация процесін өткізеді.

Модерацияны бағалауды стандарттау мақсатында бір пән және параллель сыныптар бойынша білім алушылардың жиынтық жұмысының нәтижелерін талқылау үшін мұғалімдер жүргізеді.

Модерация процесін пән мұғалімдері бір пәннің және бір сыныптың ішінде бағаны стандарттау мақсатында әр тоқсан соңында өткізеді. Жиынтық бағалауды өткізу мен модерацияны өткізудің арасындағы уақыт 3 жұмыс күнінен артық болмауы тиіс.

Модерация нәтиже мен білім беру процесінің сапасын арттыруға мүмкіндік береді

Модерация бойынша өткізілетін отырыста мұғалімдер балл қою кестесіне сәйкес жиынтық жұмыстарды талқылайды, қажет болған жағдайда балл қою кестесіне ұжымдық түрде өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізеді. Модерация аяқталған соң хаттама толтырылады.

Модерация қорытындысы бойынша балдарын өзгертуге жататын білім алушылардың жиынтық жұмыстары қайта тексеріледі. Модерация қорытындысы бойынша жиынтық жұмысқа қойылған балл жоғары балға, сондай-ақ, төмен балға да өзгертілуі мүмкін.

Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын жүзеге асыратын білім беру ұйымдарында білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің үлгілік қағидаларына сәйкес жиынтық бағалауды өткізу күні белгілі себептермен (ауыруына, жақын туыстарының қайтыс болуына, конференцияға, олимпиадаға және ғылыми жарыстарға қатысуына байланысты)



келмеген білім алушы мектепке келген соң екі апта ішінде жиынтық бағалаудан өтуі тиіс.

Білім алушы екі аптадан артық белгілі себептермен (ауыруына, жақын туыстарының қайтыс болуына, конференцияға, олимпиадаға және ғылыми жарыстарға қатысуына байланысты) болмаған жағдайда, мектеп құрған жеке кестеге сәйкес жиынтық бағалаудан өтуі тиіс.

Бөлім (ортақ тақырып) және тоқсан бойынша жиынтық бағалаудың нәтижелері болмаған жағдайда білім алушы уақытша аттестатталмаған болып есептеледі.

Үлгерім бойынша есеп беру кезінде уақытша аттестатталмаған білім алушылар ескерілмейді, олардың үлгерімі бойынша есеп қосымша тапсырылады.

Білім алушылардың жиынтық бағалау бойынша балл түріндегі нәтижелері балдарды бағаға ауыстыру шкаласына сәйкес тоқсандық және жылдық бағаға ауыстырылады.

Бөлім/ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалау нәтижелері туралы ақпарат білім алушылар мен ата-аналарына немесе олардың өзге де заңды өкілдеріне қағаз немесе электрондық түрде беріледі (айдарлар, шолулар және т.б.).

1-сыныпта бірінші жартыжылдықтың оқу материалын меңгеру деңгейіне жиынтық бағалау жүргізілмейді, тиісінше тоқсандық бағалар тек 3-ші және 4-ші тоқсандарда қойылады.

Тоқсандық баға 50% де 50% пайыздық қатынасында бөлім/ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалау нәтижелерінің негізінде қойылады. Бұл білім алушы тоқсандық бағаның 50%-ын бөлімдер/ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалау нәтижелері, 50%-ын – тоқсандық жиынтық жұмыстың нәтижелері бойынша жинайтынын білдіреді. Осы екі бөліктің қосындысы тоқсанға қойылатын қорытынды бағаны көрсетеді.

1-сыныпта жылдық баға 3-ші және 4-тоқсандардағы бөлім/ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалау және тоқсандық жиынтық бағалау нәтижелерінің негізінде 50% де 50% пайыздық қатынасында қойылады. Жылдық бағаны есептеу үшін білім алушының бөлімдер/ортақ тақырыптар үшін алған жиынтық бағалауының және тоқсандық жиынтық бағалауының жалпы балдары қосылады. Бұдан әрі оқу жылының балдық пайыздық мазмұны пайыздық қатынаста (50%:50%) анықталады. Бағаларды санау электрондық журналға енгізілген формула бойынша автоматты түрде жүзеге асырылады.

Тоқсандық және жылдық бағаларды қайта қарауға рұқсат етілмейді.

Білім алушыларды денсаулығына байланысты дене шынықтыру сабағынан босату олардың келесі сыныпқа көшірілуіне әсер етпейді.

Электронды журналдың формасы кесте түрінде берілген, бұл кестеге білім алушылардың тоқсан барысындағы жетістіктері енгізіледі (бөлімдер бойынша және тоқсандық жиынтық бағалауының балдары), сонымен қатар балдарды бағаға ауыстыруды қарастыратын шкалаға сәйкес автоматты түрде бағаны санау жүзеге асырылады (тек тоқсан және оқу жылының қорытындысы бойынша) (1-сурет).

Білім берудің барлық деңгейлері бойынша әрбір оқу пәні үшін әр тоқсандағы бөлімдер бойынша жиынтық жұмыстардың саны көрсетілген электронды журналдың өзіндік форматы әзірленген.

1 сурет

Школа: _____																											
<b>Временная форма электронного журнала по _____ за 1 четверть для 1 класса</b>																											
№	ИИН	Ф.И.О. ученика	Класс	Суммативное оценивание по разделам учебной программы						Суммативное оценивание за четверть		Расчет оценки за четверть															
				50%						50%		100%		Сумма %	Оценка												
				Раздел 1. СОр 1		Раздел 2. СОр 2		Раздел 3. СОр 3		СОч		% СОр (приравненный к 50%)	% СОч (приравненный к 50%)														
				Макс. балл:	10	Макс. балл:	20	Макс. Балл:	30	Макс. Балл:	50																
1	1234567891011	Ученик 1	1А	10	10	20	20	30	30	50	50	50,0%	50,0%	100%	5												
2	1234567891012	Ученик 2	1А	9	10	18	20	27	30	45	50	45,0%	45,0%	90%	5												
3	1234567891013	Ученик 3	1А	8	10	16	20	24	30	40	50	40,0%	40,0%	80%	4												
4	1234567891014	Ученик 4	1А	7	10	14	20	21	30	35	50	35,0%	35,0%	70%	4												
5	1234567891015	Ученик 5	1А	6	10	12	20	18	30	30	50	30,0%	30,0%	60%	4												
6	1234567891016	Ученик 6	1А	5	10	10	20	15	30	25	50	25,0%	25,0%	50%	3												
7	1234567891017	Ученик 7	1А	4	10	8	20	12	30	20	50	20,0%	20,0%	40%	3												
8	1234567891018	Ученик 8	1А	3	10	6	20	9	30	15	50	15,0%	15,0%	30%	3												
9	1234567891019	Ученик 9	1А	2	10	4	20	6	30	10	50	10,0%	10,0%	20%	2												
10	1234567891020	Ученик 10	1А	1	10	2	20	3	30	5	50	5,0%	5,0%	10%	2												
Учитель: _____																											
Количество:																											
«5» - 2																											
«4» - 3																											
«3» - 3																											
«2» - 2																											
«1» - 0																											
<table border="1" style="float: right;"> <tr> <th>Процент</th> <th>Оценка</th> </tr> <tr> <td>81% - 100%</td> <td>«5»</td> </tr> <tr> <td>51% - 80%</td> <td>«4»</td> </tr> <tr> <td>21% - 50%</td> <td>«3»</td> </tr> <tr> <td>1% - 20%</td> <td>«2»</td> </tr> <tr> <td>0%</td> <td>«1»</td> </tr> </table>																Процент	Оценка	81% - 100%	«5»	51% - 80%	«4»	21% - 50%	«3»	1% - 20%	«2»	0%	«1»
Процент	Оценка																										
81% - 100%	«5»																										
51% - 80%	«4»																										
21% - 50%	«3»																										
1% - 20%	«2»																										
0%	«1»																										

## 1-сурет – Электронды журналдың үлгісі

Мұғалім электронды журналдың келесі тор көздерін толтырады:

1. Мектеп.

2. Білім алушының жеке сәйкестендіру нөмірі (ЖСН) туралы мәліметтер берілген баған.

3. Білім алушының Т.А.Ә. берілген баған.

4. Сынып/литер.

5. Бөлім бойынша жиынтық бағалаудың максималды балын енгізу өрісі.

6. Бөлім үшін жиынтық бағалау бойынша жиналған балдарын енгізу бағаны.

7. Тоқсан үшін жиынтық бағалау бойынша жиналған балдарын енгізу бағаны.

8. Мұғалім туралы мәліметтер.

9. Директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары туралы мәліметтер

Мұғалімдерге әдістемелік қолдау көрсету мақсатында ДБҰ «НЗМ» «Жүйелі-әдістемелік кешен» ([smk.edu.kz](http://smk.edu.kz)) порталы дайындалған. ЖӘК мұғалімдер үшін педагогикалық тәжірибемен алмасу алаңы, желілік өз-ара әрекеттестікті дамыту алаңы, орта білім берудің мазмұнын жаңарту аясында онлайн платформа тұрғыда ақпараттық-әдістемелік база ретінде қарастырылады.

ЖӘК-тен нені табуға болады?

ЖӘК көруге/жүктеуге арналған қолжетімді файлдар орналастырылған төмендегі бөлімдерді қамтиды:

1. «*Жұмыста қолдануға арналған құжаттар*» бөлімінде Үлгілік оқу бағдарламалары, Үлгілік оқу жоспарлары, ҚР МЖМБС, орта мерзімді жоспарлар, қысқа мерзімді жоспарлар орналастырылған.

2. «*Сабақ бойынша жоспарлау*» бөлімінде пәндер және сыныптар бойынша оқу жоспарына сәйкес құрылымдалған сабақ жоспарлары, таныстырылым, аудио/бейне материалдар орналастырылған.

3. «*ОӘК*» бөлімінде бастауыш мектептің пәндеріне сәйкес оқулықтар мен жұмыс дәптерлері, мұғалімге арналған нұсқаулықтар мен оқу құралдарының электрондық нұсқалары, оқу мақсаттарына жету бойынша шеберлік сабақтары орналастырылған.

4. «*Критериалды бағалау*» бөлімінде критериалды бағалау бойынша нұсқаулықтар, қалыптастырушы және жиынтық бағалауға арналған тапсырмалар жинақтары, бейне және таныстырылым ресурстары орналастырылған.

5. «*Онлайн сабақтар мен семинарлар*» бөлімінде қалыптастырушы бағалау бойынша онлайн семинарлар, онлайн сабақтар орналастырылған. Педагогикалық тәжірибе алмасу процесін жүзеге асыру мақсатында мұғалімдерге жаңартылған бағдарлама бойынша өздерінің материалдарын

жариялауға мүмкіндік берілген. Материалды орналастыру үшін жоғарғы оң жақ бұрышында орналасқан «Материалды қосу» батырмасын басу керек.

6. «Форум» жаңартылған білім мазмұнының өзекті бағыттары бойынша (ұйымдастырушылық мәселелер, оқулықтардың мазмұны, білім алушыларды бағалау және т.б.) сұрақтарды орналастырып, Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының және «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ қызметкерлерінен кеңес алуға мүмкіндік береді.

Әзірленген және «Жүйелі-әдістемелік кешені» порталында орналастырылған ресурстар пайдалану үшін ұсынылған, бірақ оларды мұғалімнің өзі әзірлеуге құқылы (қысқа мерзімді жоспарлар, тапсырмалар, пайдаланылатын ресурстар және т. б.).

### ***ЖӘК-ті қалай пайдалану керек?***

Пайдаланушыға порталға кіру үшін алдымен тіркелу қажет. Бұл үшін:

1. Порталдың басты бетіндегі «Тіркелу» батырмасын басу қажет. Сонда тиісті деректерді енгізуді қажет ететін тіркеу нысаны ашылады. Жүйе енгізілген жеке сәйкестендіру нөмірінің (ЖСН) дұрыстығын алдын ала тексереді. Егер ЖСН дұрыс болса, тіркеу нысанының мына жолдары белсендендіріледі: «Тегі», «Есім», «Аймақ», «Ұйым/Мектеп», «E-mail» (қолданыстағы электрондық поштаны енгізу керек), «Құпия сөз» (құпия сөз кем дегенде алты таңбадан тұруы керек), «Құпия сөзді қайталаңыз». Тіркеу нысанын толтырып, «Тіркеу» батырмасын басқаннан кейін порталға кіруге болады.

2. Тіркелуден өткеннен кейін есеп жазбаны (аккаунтты) белсендендіру қажет. Бұл үшін тіркелу кезінде көрсеткен электрондық поштаға кіру керек. Жүйеден бірнеше секунд ішінде осы поштаға хабарлама келіп түседі. Хабарламаның ішінде көрсетілген сілтеме арқылы өтіп, есеп жазбаны белсендердіруге болады.

ҚАЗАҚСТАН  
РЕСПУБЛИКАСЫ  
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ  
МИНИСТРЛІГІ



МИНИСТЕРСТВО  
ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ  
РЕСПУБЛИКИ  
КАЗАХСТАН

БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

2017-ж. 6-маусым № 265

Астана қ.

г. Астана

«Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ
20	НОРМАТИВТІК ҚҰҚЫҚТЫҚ АКТІ
17 ж. «16»	06
Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізіліміне № 15233	
болып тіркелді	

**БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5191 болып тіркелген, «Заң газетінің» 2008 жылғы 30 мамырдағы № 81 (1307) санында жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білімнің білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарындағы білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылаудың, оларды аралық және қорытынды аттестаттау жүргізудің үлгі қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрілігі Мектепке дейінгі және орта білім департаменті (З.Ә. Максұтова) заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрілігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықтың көшірмесін Қазақстан Республикасы Әділет министрілігінде мемлекеттік тіркелген күннен кейінгі күнтізбелік он күн ішінде мерзімді баспасөз басылымдарына, сондай-ақ Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау

012163

және енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жолдауды;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Заң қызметі және халықаралық ынтымақтастық департаментіне осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министрі Э.А. Суханбердиеваға жүктелсін.

4. Осы бұйрық 3, 4, 6, 8, 9, 10 және 11 (12)-сыныптар үшін 2017 жылғы 1 қыркүйектен күшіне енетін Қағидалардың 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10 және 11-тармақтарын, 2017 жылғы 1 қыркүйектен 1, 2, 5 және 7-сыныптар үшін, 2018 жылғы 1 қыркүйектен 3, 6, 8 және 10-сыныптар үшін, 2019 жылғы 1 қыркүйектен 4, 9 және 11 (12) сыныптар үшін күшіне енетін Қағидалардың 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 22, 23, 24, 25, 26, 27, 28, 29, 30, 31 және 32-тармақтарын қоспағанда алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Бұл ретте Қағидалардың 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10 және 11-тармақтары 3, 6, 8 және 10 сыныптар үшін 2018 жылғы 1 қыркүйекке дейін, 4, 9 және 11-сыныптар үшін 2019 жылғы 1 қыркүйекке дейін қолданылады.

Қазақстан Республикасының  
Білім және ғылым министрі



Е. Сағадиев

	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 6 маусымдағы № 265 бұйрығына қосымша
	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығымен бекітілген

**Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білімнің білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарындағы білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылаудың, оларды аралық және қорытынды аттестаттау жүргізудің үлгі қағидалары**

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білімнің білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарындағы білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылаудың, оларды аралық және қорытынды аттестаттау жүргізудің үлгі қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) "Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 19) тармақшасына сәйкес әзірленді және меншік нысаны мен ведомстволық бағыныстылығына қарамастан білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылаудың, оларды аралық және қорытынды аттестаттаудың тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай анықтамалар қолданылады:

1) бағалау – білім алушылардың оқуда нақты қол жеткізген нәтижелерін оқытудан күтілетін нәтижелермен әзірленген өлшемшарттар негізінде салыстыру процесі;

2) бағалау өлшемшарттары – білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау жүргізуге негіз болатын белгі;

3) білім алушылардың үлгерімін ағымдық бақылау - бұл жалпы білім беретін оқу бағдарламасына сәйкес ағымдағы сабақ барысында мұғалім жүргізетін білім алушылардың білімдерін жүйелі тексеру;

4) білім алушыларды аралық аттестаттау - білім алушылардың бір оқу пәнін оқып аяқтағаннан кейін оның бөлігінің немесе барлық көлемінің мазмұнын меңгеру сапасын бағалау мақсатында жүргізілетін рәсім;

5) білім алушыларды қорытынды аттестаттау - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 қаулысымен бекітілген Орта білім берудің (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру) мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында (бұдан әрі - МЖМБС) қарастырылған оқу пәндерінің көлемін меңгеру дәрежесін анықтау мақсатында жүргізілетін рәсім:

6) жиынтық бағалау – белгілі бір оқу кезеңін (тоқсан, оқу жылы), сондай-ақ оқу бағдарламасына сәйкес бөлімдерді (ортақ тақырыптарды) оқып аяқтағаннан кейін өткізілетін бағалау түрі;

7) модерация – бағалаудың объективтілігін және айқындығын қамтамасыз ету үшін балдарды қоюды стандарттау мақсатында тоқсандық жиынтық бағалау бойынша білім алушылардың жұмысын талқылау процесі;

8) оқытудан күтілетін нәтижелер – оқыту процесі аяқталғанда білім алушының нені біліп, түсініп, көрсете алатынын сипаттайтын құзыреттіліктер жиынтығы;

9) формативті бағалау – сыныпта күнделікті жұмыс барысында жүргізілетін бағалау түрі, білім алушылар үлгерімінің ағымдағы көрсеткіші болып табылады, оқыту барысында білім алушылар мен мұғалім арасындағы жедел өзара байланысты, оқушы мен мұғалім арасындағы кері байланысты қамтамасыз етеді және білім беру процесін жетілдіруге мүмкіндік береді.

2-тарау. Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық аттестаттау жүргізудің тәртібі

3. Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылауды барлық оқу пәндері бойынша мұғалімдер 2-11 (12)-сыныптарда оқу жылының бірінші тоқсанынан (жарты жылдығынан) бастап жүргізеді.

1-сыныптың бірінші жартыжылдығында оқу материалын меңгеру деңгейіне баға қойылмайды.

4. 1-11 (12)-сыныптардың білім алушыларының пәндер бойынша жылдық бағасы тоқсандық (жартыжылдық) бағалардың негізінде қойылады.

5-11 (12) сыныптардың білім алушыларының пәндер бойынша қорытынды бағасы тоқсандық, жылдық және емтихан бағаларының негізінде қойылады.

Тоқсандық, жартыжылдық, жылдық және қорытынды бағаларды қайта қарауға рұқсат берілмейді.

5. Бір немесе екі пәннен қанағаттанарлықсыз бағалары бар 2-4-сыныптардың білім алушылары үшін ауызша, жазбаша немесе тест тапсырмалары нысанындағы бақылау жұмыстары қайта ұйымдастырылады. Бақылау жұмыстарының қорытындысы бойынша "3", "4", "5" деген бағаларын алған білім алушылар келесі сыныпқа көшіріледі.



6. Бір немесе екі пәннен қанағаттанарлықсыз бағалары бар 5-8 (9), 10 (11) сыныптардың білім алушылары аралық аттестаттауға жіберіледі.

Үш немесе одан да көп пәндерден қанағаттанарлықсыз бағалары бар 2-8 (9), 10 (11) сыныптардың білім алушылары аралық аттестаттауға жіберілмейді, қайта оқу жылына қалдырылады.

1-сынып білім алушылары психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияның ұсынымдары және ата-аналардың немесе баланың заңды өкілдерінің келісімі бойынша қалдырылған білім алушыларды қоспағанда, қайта оқу жылына қалдырылмайды.

7. 5-8 (9), 10 (11) сыныптардағы білім алушыларды аралық аттестаттау оқу жылы аяқталғаннан кейін 31 мамырға дейін жүргізіледі. Аралық аттестаттау оқу пәндерінің тізбесі (екіден артық емес), нысандары мен өткізу мерзімдері білім беру ұйымының мектептің педагогикалық кеңесінің (бұдан әрі – педагогикалық кеңес) шешімімен белгіленеді.

8. Бір немесе екі пәннен қанағаттанарлықсыз қорытынды бағалары бар 5-8 (9), 10 (11) сыныптардың білім алушылары осы пәндер бойынша қайта аралық аттестаттаудан өтеді. Жазғы каникул кезеңінде осы білім алушыларға тиісті пәндер бойынша оқу тапсырмалары беріледі.

9. Қайта аттестаттау оқу жылы аяқталғаннан кейін 3 аптадан соң жүргізіледі. Қайта аттестаттау кезінде қанағаттанарлықсыз қорытынды баға алған жағдайда, білім алушылар қайта оқу жылына қалдырылады.

10. 2-8 (9), 10 (11) сыныптардан келесі сыныпқа барлық оқу пәндері бойынша жылдық және қорытынды бағалары "3", "4", "5" болған білім алушылар көшіріледі.

11. Барлық оқу пәндері бойынша жылдық бағалары "5" болған 5-8 (9), 10 (11) сыныптардың білім алушылары келесі сыныпқа емтихансыз көшіріледі.

3-тарау. Жаңартылған орта білім мазмұны бойынша білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау жүргізудің тәртібі

12. Білім алушылардың оқу жетістігін бағалау формативтік және жиынтық бағалау нысандарында жүзеге асырылады.

13. Формативті бағалау оқытудың нақты мақсаттарына білім алушылардың жетуін мониторингтеу және әр білім алушымен сараланған және жеке жұмыстарды одан әрі қалыптастыру үшін жүргізіледі.

